

Қазтұтынуодағының Павлодар жоғары экономикалық колледжінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтамасы

1.Кіріспе.

Қазтұтынуодағының Павлодар жоғары экономикалық колледжінің (бұдан әрі Колледж) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау колледж басшысының бұйрығымен (2021 жылғы 24 наурыз № 24 бұйрық) құрылған жұмыс тобымен 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2021 жылғы 30 сәуірге дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг негізінде жүргізілді.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру

Меншік формасы-жеке меншік колледж.Колледж білім беру қызметтерін жеткізуші болып табылады, жыл сайын мемлекеттік сатып алуларға қатысады, тапсыр беруші ретінде Мемлекеттік мекеме «Павлодар облысының білім беру басқармасы» болып табылады.

Колледж 2020 жылы «Бір дерекөздерден тікелей келісімнарт жасау жолымен» тәсілменен білім беру қызметтерін мемлекеттік сатып алулар бойынша 6 келісім шарт жасады.

Берілген келісім шарт бойынша тапсырыс беруші ретінде ММ Павлодар облысының Білім беру басқармасы болып келді.

Барлық шарттар толық көлемде орындалған, тапсырыс беруші атынан білім беру қызметтерінің сапасы бойынша талап түскен жоқ. Мемлекеттік сатып алулар бойынша жүргізілген талдау барлық мемлекеттік сатып алулар ҚР заңнамасын бұзбай орындалған.

3.Мемлекеттік қызметтерді көрсету.

Құжаттарды қабылдау «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 12 мамырдағы №197 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Колледжге азаматтардың оқуға өтініштерін орта буыннан кейінгі орта буын және қолданбалы бакалавр білім беру бағдарламалар мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі формасына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамыз аралығында, оқудың сырттай формасына күнтізбелікжылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйек аралығында жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылына 228 өтініш беріліп, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша- 100, өнімді жұмыспен қамту мен жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша-15, ақылы негізінде-78, сырттай оқуға 35 білім алушы қабылданды.

Колледж келесі мемлекеттік қызметтерді ұсынады:

1.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық дмалыстар беру-1.

2.Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау.Колледжде оқу мониторингті өткізу мерзімі бойынша

-қайта қабылданды-0 студент,

-басқа колледжден ауыстырылған 3-студент,

-ақылы оқудан мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға ауыстырылғандар-2 студент,

-сырттай оқуға-2 студент

-оқудан шығарылғандар-3.

3.Азаматтардың жекелеген санаттарына жататын, сондай-ақ қамқоршылықтағы және патронаттағы тұлғалар болып саналатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақтандыруды ұсыну-93 студент.

4.Техникалық және кәсәптәк, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру-16.

5.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру-1.

6.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растай) үшін аттестаттаудан өтуге құжаттар қабылдау.

Аттестаттауға өтініш берді-2.Құжаттар пакетін қабылдаудан бас тарту болған жоқ.Оның ішінде: модератор-1, педагог-зерттеуші-1 адам.Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметі алушылар тарапынан мерзімді бұзу, ұсынудан бас тарту, шағымдар болған жоқ.

4.Ұйымдастыру-басқару жұмысы .

Студенттердің ағымдық бақылау және аралық аттестаттау ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылығы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру бойынша колледжде талдау кезеңі аралығында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке тәрбиелеу үшін келесі жұмыстар жүргізілді:

1.Кеңес құрамы колледж басышысының 2020 жылығы 9 қазандағы №75 бұйрығымен бекітілді.

2.Колледждің сайтында нормативтік-құқықтық құжаттама орналастырған: ISO 37001 «Жемқорлыққа қарсы әрекет менеджменті жүйесі» халықаралық жемқорлыққа қарсы стандарты, 2020 жылғы 4 мамырдағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымдарда ашықтықты қамтамасыз ету бойынша жемқорлыққа қарсы стандарт, Жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Еуропа Кеңесінің 1999 жылғы 27 қаңтардағы конвенциясы, БҰҰ-ның Жемқорлыққа қарсы 2003 жылғы 31 қазандағы конвенциясы, Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы (2020 жылғы 06 қазандағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы стратегиясы

туралы» 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы (2020 жылғы 27 мамырдағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

3. Цифрлық оқу үрдісі цифрлық технологияға ауыстылыған, оқуда келесі құралдар қолданылады: <http://cdo-pekk.kz/> - оқуды автоматтандырылған жүйемен басқару, <https://pekk.kz/> - колледждің ақпараттық сайты, ZOOM бағдарламасы.

4. Колледж студенттері арасында заңгерлер апталығы аясында жемқорлыққа қарсы «STOP жемқорлық» онлайн сауалнама өткізілді.

5. Оқытушылар мен студенттер үшін жемқорлыққа байланысты шағымдарды қабылдау үшін сайтта көрсетілген сенім телефоны байланысын ашу.

6. Колледжде құқық бұзушылықты болдырмау есебі жүргізіледі. Бақылау жүргізілген кезеңде жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

7. Sanalyurpaq, Тәлімгер жастар қоғамы, Ардақ Назаровпен Парасаттылық сағаты онлайн конференцияларға қатысу.

5. Персоналды басқару және мүдделер қақтығысын реттеу

Колледжде 2020-2021 оқу жылы бойынша 27 педагог штат бойынша жұмыс істейді, оның ішінде: 1 – оқытушы декреттік демалысқа кетті. 2020 жылдың 1 қыркүйектен бастап 2021 жылдың 30 сәуірге дейін еңбек шарттары бұзылған жоқ.

Жаза қолдану болған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактісі болған жоқ. Жұмысқа қабылдау кезінде басқа құжаттармен қатар соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама ұсыну талап етілетіндіктен, бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері болған жоқ.

6. Қорытынды


Жоғарыда айтылған негіздер бойынша жұмыс тобы келесі шешімге келді, колледж қызметінде жемқорлыққа қарсы тәуекелдері анықталған жоқ. Жемқорлыққа қарсы тәуекелдерін болдырмау үшін жемқорлық бойынша құқық бұзушылықты адын алу және насихаттау бойынша жұмысты тоқтатпау болып ұсынылды.


Жұмыс тобының жетекшісі


З.Ә. Дошанова - колледж директоры 

Жұмыс тобының мүшелері:

Егошина Г.И. – бас бухгалтер 

Оразалинова З.Ж. – оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары 

Дуржембаева А.М. - кадр бөлімі 

Наурызбаева Н.Т. - Күндізгі бөлімнің меңгерушісі 

Сагайдак Е.А. - Инновациялық технологиялар бойынша директордың орынбасары 